



Қазақстан Республикасы Мемлекеттік тергеу комитетінің қатардағы және басшы құрамының арнаулы атақтары туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 23 желтоқсандағы N 2719 Заң күші бар жарлығы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасының 2004.12.20. N 12 Заңымен (өзгеріс 2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді).

"Қазақстан Республикасының Президенті мен жергілікті әкімдерге уақытша қосымша өкілеттік беру туралы" 1993 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының 1-бабына сәйкес және Мемлекеттік тергеу комитетінің құрылуына байланысты осы Жарлықты шығарамын.

1-бап. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік тергеу комитетінің қызметкерлері үшін мынадай арнаулы атақтар белгіленсін:

қатардағы құрам
қатардағы әділет қызметкері
кіші басшы құрам
әділет кіші сержанты
әділет сержанты
әділет аға сержанты
әділет старшинасы
әділет прапорщигі
әділет аға прапорщигі
орта басшы құрам
әділет кіші лейтенанты
әділет лейтенанты
әділет аға лейтенанты
әділет капитаны
аға басшы құрам
әділет майоры
әділет подполковнигі
әділет полковнигі
жоғары басшы құрам
әділет генерал-майоры
әділет генерал-лейтенанты
әділет генерал-полковнигі

2-бап. Мемлекеттік тергеу комитетіне қызметке ауысқан ішкі істер органдарының қызметкерлеріне олардың бұрынғы атақтарына тең арнаулы атақтар беріледі деп белгіленсін.

Мемлекеттік тергеу комитетіне қызметке ауысқан прокуратура органдары қызметкерлерінің сыныптық шендері Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесі Төралқасының 1992 жылғы 6 шілдедегі қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының прокуратура органдарында қызмет өткеру туралы, прокуратура қызметкерлерінің сыныптық шендері мен әскери атақтары туралы ережеде белгіленген қатыста арнаулы атақтарға теңестіріледі.

3-бап. Мемлекеттік тергеу комитетінің жоғары басшы құрамына арнаулы атақтары Республика Президенті береді.

Мемлекеттік тергеу комитеті лауазымды адамдарының басқа арнаулы атақтарды беру жөніндегі құқығы Қазақстан Республикасы Мемлекеттік тергеу комитетінің қатардағы және басшы құрамдағы адамдарының қызмет өткеруі туралы ережемен белгіленеді.

Мемлекеттік тергеу комитетінің әскери қызметшілеріне әскери атақтары аталған Комитеттің Төрағасы заңдарға сәйкес береді.

4-бап. Осы Жарлықтың 2-бабы Қазақстан Республикасы Мемлекеттік тергеу комитетінің қатардағы және басшы құрамдағы адамдарының қызмет өткеруі туралы ереже қабылданғанға дейін қолданылады.

5-бап. Осы Жарлық жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Президенті